

## №14 Лекция тақырыбы: Экономикалық дамудың қазақстандық үлгісі

### Лекцияның оқыту нәтижелері:

1. Қазіргі Қазақстандағы құбылыстар мен тарихи үдерістері зерттеу барысында аналитикалық және аксиологиялық талдау дағдыларын игеру;
2. Заманауи қазақстандық даму үлгісінің ішкі ерекшеліктерін объективті және жан-жақты зерделей білу;
3. Қазақстан тарихының үдерістері мен тарихи құбылыстарды жүйелеу және сыни баға беру.

### Лекция мазмұны.

1. Егемендік жолындағы қиындықтар: экономикалық дағдарыс, әлеуметтік қиындықтар, өмір сүру деңгейінің төмендеуі
2. Жоспарлы экономикадан нарықтық экономикаға көшудің негізгі кезеңдері
3. Қазіргі кезеңде Қазақстан экономикасын реформалау бағыттары
4. Қазақстан Республикасының АҚШ, Батыс Еуропа, Оңтүстік Шығыс Азия, Таяу Шығыс елдерінің ірі компанияларымен сыртқы экономикалық ынтымақтастығы

**1. Егемендік жолындағы қиындықтар: экономикалық дағдарыс, әлеуметтік қиындықтар, өмір сүру деңгейінің төмендеуі.** Кеңестік кезеңнен кейінгі республикалардың экономикалық және әлеуметтік жағдайының тұралауына КСРО-ның ыдырауы өзіндік әсер етті. Алып империяның құлауына байланысты қоғамның әлеуметтік құрылымы, адамдардың социалистік ұжым құндылықтарымен өмір сүру дағдысы өзгерістерге ұшырады. Бәрін бұрынғыша басқару мен қабылдау, сол қалыпта жүре беру мүмкін емес еді. Қоғам даму мен оның талаптарынан бұл көрініс айқын аңғарылды. Экономика деңгейі 55 пайызға төмендеді. 1991 жылы өнеркәсіп өндірісінің құлдырауы – 8%-ға жетті.

1991 жылдың бюджет тапшылығы 20%-ға артты. 1992 жылдың қаңтар айында Ресей ТМД елдерімен алдын-ала кеңеспей, бағаны ырқына жіберді. Екі ел арасында ежелден сауда қарым-қатынасы қалыптасқандықтан, Ресейдің бұл қадамы Қазақстанға едәуір экономикалық шығын алып келді. Елімізде кейбір тауар түрлерінің бағасы шарықтап кетті. 1992 жылдың жазында елдегі экономикалық дағдарыс өрши түсті. Дағдарыс бұрынғы КСРО аумағында тауар өндірушілер тағайындаған монополиялық жоғары бағадан, халықтың табысының өсу қарқыны бағаның өсу қарқынынан кейін қалғандығынан болды. Халық табысын негізінен тамақ өнімдерін сатып алуға жұмсады. Соның салдарынан баға мен жалақы арасында қарама-қайшылық күшейе түсті. Табысты индексациялаудың тиінақты жүйесі жасалмады. Индексация уақытынан кеш, әрі ретсіз жасалды. Оның инфляцияға қарсы әсері жеткіліксіз болды. Бірыңғай ақша жүйесі күйреу жағдайына жетті. Республикада бюджеттік шығынды өз бетінше ұлғайту әрекеттері ақшаның одан сайын құнсыздануына әкелді. Инфляция деңгейі 1992 жылы 3061%-ды, ал 1993 жылы 2265%-ды құрады.

Қазақстанда 1990-1994 жылдары өнеркәсіп өнімі өндірісінің көлемі тең жартысына кеміді. Ауыл шаруашылығы саласы 3/1, көлік тасымалы 3/2-ге дейін құлдырады. Өнеркәсіп алыптары тоқтап, жұмыссыздық өршіді. Мемлекеттің кәсіпорындарды басқаруға мүмкіндігі болмады. Көптеген кәсіпорындарда өнім және тауар айналымынан түскен қаражат шет елдерге асып кетті немесе талан-таражға салынды. Халықтың кіріс деңгейі күрт төмендеді. Жұрт бірнеше ай бойы жалақыларын алмады. Зейнетақы мезгілінде берілмеді. Халықтың жинаған қоры шектен тыс инфляция салдарынан да кеміді. Банк жүйесінің жетілмеуі экономиканы тежеді. Дүкендерде азық-түлік пен тұрмысқа қажетті тауарлар тапшылығы байқалды. Осының бәрі қылмыстың өсуіне, жауапсыздыққа, немқұрайлылыққа әкеп соқтырды.

Күнделікті қажеттілікті қанағаттандыру, отбасын асырау мақсатында жоғары білімді мамандар қызметтерін тастап, күнкөріс қамына кірісті. Еңбексіз табысқа бет бұрды. Сауда жасауға ауысты. Жоғары білімді, тәжірибелі мамандардың кәсіби мамандығынан кетуі білім беру, денсаулық сақтау салаларының сапасына айтарлықтай әсер етті. Алайда, жұмыссыздық пен

нарық жағдайына бейімделген маман жұмысшы күшінің жеткіліксіздігі әлеуметтік маңызды мәселе күйінде қала берді. Жұмыссыздық көлемі: 1991 жылы – 0,05%, 1992 жылы - 0,95%, 1993 жылы – 1,2%-ға жетті.

1993 жылдан жұмыссыздар санының біртіндеп ұлғаюы байқалды. Қазақстанда тұратын адамдардың өмір сүру, адам даму потенциалы көрсеткіші 1992 жылғы мәлімет бойынша – 0,798. Бұл көрсеткіш бойынша еліміз 174 елдің арасында 64 орынды иеленіп, адам даму потенциалы орташа деңгейдегі елдер тобын бастап тұрды. 1993 жылы 0,740 немесе 72-орында. 1990-1995 жылдары Қазақстан Республикасы тұрғындарының өмір сүру ұзақтығы – 4,7 жылға кеміді. Бұл – 1991-1995 жылдары адамдардың өмір сүру деңгейінің төмендегенін көрсетеді.

Тұрғындардың әлеуметтік жағдайының нашарлауына мемлекеттің әлеуметтік инфрақұрылымда жасаған реформаларының да әсері болды. Тегін денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қызмет көрсету қысқара бастады. Сонымен қатар бұл салаларда мемлекеттік емес қызмет көрсету түрлері қалыптасып үлгермеді. Егер еңбекақы, зейнетақы және басқа да төлемдер көлемі жыл сайын ұлғайып отырған жағдайда, бұрын тегін қызмет көрсеткен салаларды біртіндеп ақылы түрге көшіруге болар еді. Алайда, елдегі әлеуметтік-экономикалық қиын ахуал, халыққа қызмет көрсету салаларын жекешелендіріп, шағын бизнесті дамытуға мүмкіндік бермеді. 1993 жылдың қараша айынан, яғни ұлттық валюта енгізілген кезден бастап 1996 жылға дейін баға 35 рет өсті.

## **2. Жоспарлы экономикадан нарықтық экономикаға көшудің негізгі кезеңдері.**

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін нарықтық экономикаға көшуді таңдап алған болатын. Осы бағытта 1992 жылы қаңтарда Қазақстан Ресейдің үлгісімен бағаны ырықтандыруға, мемлекеттік меншікті оның иелігінен алып жекешелендіруге кірісті.

Қазақстанда **нарықтық экономикаға көшудің алғашқы кезде үш кезеңі белгіленді.** Бірінші кезең- 1991-1992 жылдар, екінші кезең - 1993-1995 жылдар аралығы болып, осы мерізімде жүргізілетін іс бағдарламасы Жоғарғы Кеңестің сессиясында мақұлданып, Президенттің Жарлығымен бекіді. Ал үшінші кезең - 1996-1998 жылдарды қамтуға тиіс болды. Осымен байланысты көптеген жаңа заңдар, реформаны жүзеге асыруға қажет басқа да құжаттар қабылдайды. Нарықтық экономикаға көшу мәселелерімен айналысатын жаңа мемлекеттік басқару органдары құрылды. Олар: Мүлік жөніндегі, Монополияға қарсы саясат жөніндегі комитеттер, Салық инспекциясы, Кеден және т. б. Сондай-ақ нарықтық экономикаға тән инфрақұрылымның да кейбір түрлері: биржалар, коммерциялық банктер, сауда үйлері, жеке меншіктік кәсіпорындар мен шаруашылықтар, жеке меншік пен мемлекет меншігі аралас ірі корпорациялар, акционерлік қоғамдар, холдингтік компаниялар өмірге келді. Сөйтіп, нарықтық экономикаға қарай, меншіктің түрін өзгертуде, аралас экономика құруда біршама жұмыстар атқарылды.

Алайда, **нарықтық экономикаға көшуде бірсыпыра қателіктерге жол берілді.**

Бірінші. Реформаны бастауда мемлекеттің мақсаты да, мүдделері де, оларға жетер жолы да, әдіс-айласы да толық анықталмады.

Екінші. Барлық елге бірдей сай келетін экономикалық реформаның моделі болмайды. Әр елдің, өзіне тән, оның ұлттық бітіміне, тарихына, дәстүріне, нақтылы саяси, әлеуметтік, экономикалық қалыптасқан жағдайына сәйкес өз моделі, 93 жолы болу керек. Оны әлемдік тәжірибе де көрсеткен. "Жапондық", "Немістік" тағы басқадай әр елдің өз даму жолы болғаны белгілі. Қазақстан көп елде жақсы нәтиже бермеген, Халықаралық Валюталық Қордың ұсынған "есеңгіретіп емдеу" деп аталатын жолына түсіп, Ресейдің соңынан ерді. Ол Ресейден бөлек дербес экономикалық саясат жүргізу қиын деген желеумен жасалды.

Үшінші. Экономикалық реформа бірінен кейін бірі және өзіндік ретімен жасалуы арқылы жүзеге асуға тиіс. Ал Қазақстанға қажетті заң жүйесі жасалып бітпей, жеке меншікке негізделген кәсіпорындардың үлесі өсіп, бәсеке ортасы қалыптаспай тұрып, ең әуелі бағаны ырықтандырудан бастау қате болды, өйткені бағаны ырықтандыру өкімет тарапынан мезгіл-мезгіл оны өсіріп отыру болып шықты.

Төртінші. Қабылданған заңдар көп жағдайда жүзеге аспай қалды, себебі ол заңдардың жүзеге асатын механизмдері жасалмаған-ды. Реформаны жүзеге асыру үшін оған қажет механизмдерді жасау керек еді.

Бесінші. Инфляцияны (құнсыздандыруды) ауыздықтамас ешбір істе береке болмайтыны белгілі. Бірақ осыған қарамастан мемлекеттегі қаржы, несие, ақша жүйесі ретке келмеді. Ұлттық, банк ақша жүйесін, ақша айналымын, оның ішкі және сыртқы қозғалысын қатаң бақылауға алудың орнына, ақша-несие ресурстарын бей-берекет жұмсап, аса жоғары пайызбен сатып, пайда табумен әуестенді.

Алтыншы. Қылмыс, жемқорлық, заңды бұзушылық көбейгені соншалық, ол қоғамның қатерлі ісік сияқты ең қауіпті ауруына айналды. Оған жаппай тәртіпсіздік, жауапкерсіздік-қосылды. Міне, бұлар реформаны жасауда, қоғамды дұрыс дамытуда өздерінің кеселдерін тигізді.

Жетінші. Мемлекет басшылары экономикалық дағдарыс кезінде өмір сүріп, жұмыс істеп көрмегендіктен, оның ой-қырып, бүге-шігесін, одан шығу жолдарын білмеді. Экономикалық дағдарысты дұрыстап бағалай алмады. Елді дағдарыстан бір-ақ жылда шығару саясаты жүргізілді. Бірақ, ол ешқандай нәтиже бермеді.

Сондықтан мемлекеттің алдында дағдарыстан шығудың жолдары қарастырыла бастады. Оның ең бастысы - бағаны ырықтандыруды белгілі бір жүйеге келтіру еді. Нарықтандырудың барысын, оның неден басталғанын, қалай басталғанын халық жете түсінбеді. Қазақстанда ырықтандыру 1992 ж. мұнайдың, мұнайдан шығатын өнімдердің, басқа да энергия көздерінің бағасы әлемдік бағаға дейін жоғарылауы керек деген ұранмен жүргізілді. Осының нәтижесінде әр кәсіпкер, әр кәсіпорын ең жоғары таза пайда алғысы келді. Сөйтіп баға шарықтап өсті, елдің экономикасы бағаның шарықтап өсу кесірінен төмен түсіп кетті, оны көтеру мүмкін болмай қалды.

Бағаны ырықтандырудан кейінгі екінші атқарылған іс - жекешелендіру. Мемлекеттік меншікті тезірек жойып, бәрін жеке меншікке айналдырсақ, халық жұмыла жұмыс істей, өндіріс жанданып, ел байып, бәрі де орнына келеді деп ойланды. Тәжірибе жүзінде олай болмай шықты. Жекешелендіру барысында елімізде үш бағыттағы /шағын, жаппай және жеке жобамен/ кәсіпорындар құрылған. Ауылдағы жеке шаруа, басқа құрылымдар, сондай-ақ, қаладағы жеке және қауымдастық түріндегі кәсіпорындар саны есепке алынған. Алайда, осыған қарамастан, ең бастысы - мемлекет меншігіндегі мүлік инфляцияны дұрыс ескерумен сатылды ма, оның қандай бөлігі текке берілді, қандай бөлігі қанша пайдамен немесе қанша зиянмен сатылды? Кейінгі мерізімде төлеуге берілген мүліктің мөлшері қандай? Жекешелендіруден не ұттық: өнімнің көлемі артты ма, баға арзандады ма, пайда көбейді ме? Бұл істегі нәтиже есептелген жоқ, талдау жасалған жоқ.

Нәтижесінде, мемлекеттік меншікті жекешелендіру жарияланған екі кезеңінде де /1991-92 жж және 1993-95 жж/ мүліктің үлкен талан-таражға түсуіне жол берілді. Бұл халық шаруашылығы үшін берекесіздік тудырып, экономиканың күйреген, таяу жылдарда шыға алмайтын терең дағдарысқа ұшырауының басты себебінің біріне айналды. Сондай-ақ, елдің, экспортқа өнім шығаратын кәсіпорындары ескі әдетіне басып, өздерінің тауарларын эшелон-эшелонмен сыртқа жөнелте беруді ғана білді. Соның салдарынан республикадан 250 млрд. сомның өнімі сыртқа, негізінен алғанда Ресей Федерациясы мен ТМД елдеріне, су тегін кеткен болып шықты. Сондықтан бұл жағдай үкіметпен барлық экономикалық институттарды, Статистика мен Қолдау Комитетін қатыстыра отырып, терең талдау жасауды талап етті. Тек осындай талдаудың қортындысына сүйене отырып, үкіметке алдағы уақытта нендей істерді жүргізуді анықтау керек болды.

Осымен байланысты 1994 жылдың қаңтарында экономикалық реформаны жүргізуді жандандыру жөніндегі шаралар туралы Президент қаулы қабылдады. Онда дағдарысқа қарсы шаралар мен экономиканы тұрақтандырудың 1994-1995 жылдарға арналған бағдарламасы әзірленді. Бағдарламада Қазақстандағы жүргізіліп жатқан реформалардың ерекшеліктері, елдің өндіргіш күштері, өндірістік қатынастар, өндірістік аппарат, игерілетін қазба байлық, елдегі 7 миллиондай еңбекке жарамды адам күші ескерілді. Бұдан басқа бағдарламада энергетикалық тәуелсіздікті қамтамасыз ету мәселесі қойылды, өндірістің құлдырауы тоқтатылып, экономиканы тұрақтандыру, инфляцияны ауыздықтау қажет екені айтылды. 1995 жылдың қараша айының 15-ші жұлдызында мемлекеттің өз ақшасы — теңге енгізілді.

1994 ж наурызда Президент Жарлығымен ауыл кәсіпорындарының өтей алмаған 2,2 млрд. сомдық несиесінің мерізімі екі жылға ұзартылды. Бірақ сол жылдың сәуірінен бастап энергияға, энергия көздеріне баға жоғарлады. Осыдан келіп инфляция тағы өсті, деңгейі 1260 пайызға жетті.

Реформаның барысында Қазақстанда 1994 жылдың күзінен үкімет макроэкономикалық реттеуді меңгере бастады. Бағаның өсуі біраз тежеліп, инфляцияның өсу қарқыны елеулі түрде төмендеді. Сол сияқты ұлттық банктің несиеге алатын пайызы да қауырт азайды. Ақша-қаражат саласында да осындай түзеліс байқалды. Өнеркәсіптің кей салаларында да оңға басушылық орын алды.

Жалпы дағдарыстан шығудың, реформаны жүргізудің пәрменді құралының бірі - экономикалық орталық болу тиіс еді. Алайда, Министрлер кабинетінде реформаны ойластырып, алға бастыратын орталық болмады. Экономика министрлігі ондай орталық бола алмады. Нәтижесінде 1994 - 1995 жылдары дағдарысқа қарсы шаралар мен реформаны тереңдету бағдарламасы негізінен орындалмай қалды. Макроэкономикалық тұрақтандыру және құнсыздандуды тоқтатуға қол жетпеді, сыртқы сауда саясатын жасау да көңілдегідей болмай шықты, әлеуметтік саясат та халықтың басым көпшілігінің наразылығы өршіткені болмаса разы етпеді.

Нарықтық реформаға көшудегі жіберілген тағы бір қате - ол үкімет басшыларының елдің экономист ғалымдарына сенбеуі. Оның себебі бізде бұған дейін нарықтық экономика болмады, сондықтан біздің экономистер нарыққа көшудің жолдарын, түрлі тетіктерін білмейді деп есептелді. Осымен байланысты нарықтық экономикаға көшу үшін кеңесші ретінде экономист - ғалымдар АҚШ-тан, Франциядан, Түркиядан, Ресейден т. б. жерлерден шақырылды. Бірақ сол мемлекеттерден шақырылған экономист - кеңесшілер өз елінде, өз топырағында маман болғанмен, олар біздің жағдайды, халықтың менталитетін, психологиялық ерекшеліктерін ескермеді, тіпті білмеді де. Олардың білетіні Батыстың дамыған, қалыптасқан нарықтық экономикасы еді. Оған қоса ТМД елдерінде экономикалық дағдарыс капиталистік қоғамға тән классикалық артық өндіру дағдарысы емес, жетіспеушілік дағдарысытын. Екіншіден, ол елдерде баяғы заманнан тауар өндірісі, тауарлық қатынастар толық қалыптасқан. Ал бізде бұлар болған жоқ. Үшіншіден, ТМД елдерінде социалистік экономикадан нарықтық экономикаға көшу тез қарқын алды. Сондықтан шетел экономистерінің кеңесі тиісті нәтижесін бермей, аяқсыз қалды.

Нарықтық қатынастарға көшу барысында бізде орын алған тағы бір үрдіс бар. Ол сонау Столыпин реформасынан, одан бері Қазан төңкерісінен кейінгі индустрияландыру, ұжымдастыру науқандары сияқты қоғам өміріндегі түбегейлі өзгерістерге революциялық сипат беру. Ал біздің халық бұл үрдіске үйренбеген және ол халықтың психологиясына келе бермеді. Әсіресе, ауыл шаруашылығын жекешелендіруде үкімет асығыстық жіберді. Дағдарыс жағдайында бой көтерген жеке фермерлер басқа халықты асырамақ түгіл, олардың көпшілігі өзін-өзі әрең асырап отырды. Нәтижесінде 1993-1995 жылдарға арналған бағдарламаларда инфляцияны төмендету, өндірістің құлдырауын тоқтату және өндірістің ұлғаюы үшін жағдайлар жасау жоспарынан ешнәрсе шықпады. Сондықтан мақсатты нұсқамалар түрінде 15 айға арналған қосымша бағдарлама қабылданды. Оның оң нәтижесі деп инфляцияның баяулауын айтуға болады, бірақ, өндірістің құлдырауын тоқтату мүмкін болмады. 1992 жылы өндірістің құлдырауы біршама тұрақты болған 1990 жылмен салыстырғанда 14,6%, 1993 жылы - 28%, 1994 жылы - 48%, ал 1995 жылы - 45% жетті.

**3. Қазіргі кезеңде Қазақстан экономикасын реформалау бағыттары.** Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан әлемнің бәсекеге қабілетті 50 елінің қатарына енуі» және «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» Жолдаулары негізінде Қазақстанның 2003-2005 жылдарға арналған индустриалдық-инновациялық даму стратегиясы қабылданды. Бұл бағдарлама 2015 жылға дейінгі жұмыс тетігі деп жоспарланды. Бүгінгі күнгі әлемдік дағдарыс жағдайында өндірістің кейбір салаларында алға шығу мүмкіндігі бар екені халыққа жария етілді. Қазіргі таңда 2020, 2050 жылдарға дейін қабылданған стратегиялық бағдарлама бойынша жұмыстар жүргізілуде. Бәсекеге қабілетті 30 елдің қатарына кіру – негізгі жоспар.

Индустриалдық-инновациялық даму стратегиясын жүзеге асырудың құралы – мемлекеттік қаржы ресурстарын тарту арқылы жаңа өндірістерді қаржыландыру болып табылады. Қазір Қазақстанда жаңа өндірісті қалыптастыру және кәсіпкерлікті ынталандыруға бағытталған

мамандандырылған индустриалдық-инновациялық инфрақұрылымдар, Қазақстанда мемлекеттік бірнеше даму институттары қызмет атқарады.

Әлемдік дамуда Қазақстандық өнімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыратын негізгі факторлардың бірі – кластерлік жүйеге көшу. Кластер аумақтық өзара байланыс және комплементарлы кәсіпорындар жүйесін ұйымдастыру (өнім шығарушылар мен сатып алушылар) ретінде қарастырылады, ол өзінің айналасына кәсіпорындар мен аймақтар, ұлттық экономика бәсекелестігін жетілдіру мақсатында жергілікті орындар мен органдарды байланыстырады.

Қазақстан үкіметі консалтинг компания J.E-мен келісімге отырды. Қазақстан экономикасының мұнай өндіру мен шикізат саласына бағыныштылығынан айыру үшін және оның жоғары өндірістілігін төмендету үшін жеті пилоттық кластерлер анықталды. Олар: «Туризм», «Тамақ өнеркәсібі», «Мұнай-газ машина жасау», «Текстильді өнеркәсіп», «Транспорттық логистика», «Металлургия», «Құрылыс материалдары».

Кластер – бір салада жұмыс істейтін, олардың үйлесуіне жол салатын, бір-бірімен байланысты және жақын орналасқан кәсіпорындар. Кластер қала, аудан немесе тұтас облысты, сонымен қатар басқа қалалар мен көрші елдерді де қамтуы мүмкін. Кеңес Одағы кезеңінде Қазақстанда Жамбыл тері-аяқ киім кәсіпорны кластерлік әдіс үлгісіндегі әр түрлі тері өңдеумен айналысатын бірнеше кәсіпорынды біріктірді. Бір жағынан тапсырыс беруші мен тұтынушыны біріктіру фабрика үшін жайлы жағдай қалыптастырды. Тек өнімнің сапасының нашарлығы мен бағасының жоғарылығы сұраныс тудырмады. Өнім сапасын көтерудің негізгі шарты болып табылатын бәсеке механизмі кеңестік экономикада қолданылмағаны белгілі. Қазақстанда қазіргі уақытта өндіруші өнеркәсіпте кластер әдісі қолданылады.

Қазақстан әлемдік ірі мыс өндіруші және шығарушы елдердің қатарына енеді. Әлемдік мыс өндіруде республиканың алатын үлесі үлкен. Елдегі өндірген мыстың барлығы Италия, Германия және батыстың басқа елдеріне экспортталуда. ТМД елдерінің ішінде Қазақстан алтын өндірісі бойынша үшінші орынды иеленеді және бұл саладағы көрсеткіш жыл сайын артып отыр.

Қазақстанның химиялық және мұнай-газ өнеркәсіп кәсіпорындары пластмасса түрлерін, химиялық маталар және жіптер, автокөліктер мен ауыл шаруашылығы көліктеріне дөңгалақтар, техникалық бұйымдарын, хромдық қосылулар, кальций карбиді, каустикалық содылар, т.б. шығарады. Фосфор рудаларынан сары фосфор алатын (бұрынғы КСРО өндірісінің 90%-дан астамы) минералды тыңайтқыштар, синтетикалық жуу-тазалау құралдарын қайта өндіретін ірі кешен жұмыс істейді. Бұл саланы жетілдірудің болашағы Батыс Қазақстандағы мұнай қайта өңдеу кешені өнеркәсібінің дамуымен және фосфор өнімінің жаңа түрлерін ұйымдастырумен байланысты.

Экономиканың басым секторын орта және ұзақ мерзімді төмен пайыздық несиелендірумен қамтамасыз ететін – «Қазақстан даму банкі» АҚ, «Қазақстанның инвестициялық қоры» АҚ, инновациялық бизнеске қаржылық көмек көрсететін «Ұлттық инвестициялық қор», шикізат емес экспорт саласында жұмыс жасайтын жергілікті кәсіпорындарды және шетелге тікелей тартылатын инвестицияларды сыртқы жағымсыз тәуекелдерден сақтандыратын «Экспорттық несиелену және инвестицияларды сақтандыру бойынша мемлекеттік сақтандыру корпорациясы» АҚ жұмыс жасауда.

Осылайша, индустриалдық-инновациялық даму стратегиясы Қазақстаннан дайын өнімдер өндіру және кеңейту мәселелерін табысты шешуге бағытталып отыр. Бір жағынан бұл шикізат секторындағы баға мен тұрғындардың табыс көзінің өсуі есебінен артты. Басқаша айтқанда, нарық құрылымында еркін бәсекелестік қағидалары жұмыс істемейтін салалар дамыды. Жалпы, экономиканың заңдылықтары бойынша сапалық жаңғыру не жеңіл, не ауыр өнеркәсіпті қолға алу арқылы жүреді. Экономикалық стратегияның мазмұнындағы ең басты мәселе - шетелден тауар тасымалдау. Болашақта осы бағытқа көңіл аудару аса қажет. Қазақстан кәсіпорындарының өнімдерін сапалық тұрғыдан көтеру және олардың өз өнімдерінің әлемдік нарықта бәсекеге қабілеттілігіне қол жеткізу мәселелерін шешу көптеген жағдайларды жақсартуды, жаңаша ұйымдастыруды талап етеді.

**4. Қазақстан Республикасының АҚШ, Батыс Еуропа, Оңтүстік Шығыс Азия, Таяу Шығыс елдерінің ірі компанияларымен сыртқы экономикалық ынтымақтастығы. 1992 ж. наурыз айында Қазақстанның Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше болып қабылдануы республика үшін**

орасан зор маңызы бар оқиға болды. Осыдан кейін елімізге халықаралық басқа да ұйымдарға мүше болып кіруге жол ашылды. Атап айтқанда, **Қазақстан негізгі валюта - қаржы ұйымдарына - Халықаралық Валюта қорына, Дүниежүзілік қайта құру және даму банкіне, Еуропа және Азия даму банкіне мүше болып енді. 1997 ж. басында Қазақстан 60-тан астам халықаралық ұйымдарға мүше болып қабылданды.** Мұның өзі Қазақстанның сыртқы экономикалық саясатында игі нәтижелерін беруде. Нәтижесінде соңғы бес-алты жылда Қазақстанның шет елдермен экономикалық байланыстары арта түсті, оған берілетін инвестициялық қаржылардың көлемі артты. Мәселен, **1992-1995 жж. халықаралық қаржы институттарының Қазақстанға бөлген қаржысының мөлшері 2 миллиард АҚШ долларынан асып түсті.** Тәуелсіздік алғалы бері 800-ге жуық мемлекетаралық және үкіметаралық келісім - шарттарға қол қойылды. Осы жылдары бірқатар елдер - Германия, Түркия, Австрия, Ұлыбритания т. б. - Қазақстанға экономикалық көмек ретінде несие берді. Сондай-ақ, Жапония, АҚШ секілді және басқада донор елдердің үкіметтері Қазақстанмен қаржылық ынтымақтастықты жылдан-жылға дамытып келеді. Мұның өзі Қазақстандағы нарықтық экономика бойынша жүргізіліп жатқан реформаларға көмектесу мүмкіндігін және республика экономикасына шет ел инвестицияларын көптеп тартуда зор ықпалын тигізуде. Оған шетел бірлескен кәсіпорындары да өз үлесін қосып отыр. Олардың жалпы саны 1996 ж. 746 болса, 2002 ж. 1,5 мыңнан асты.

Қазақстанға тікелей инвестиция берушілердің тізімінің басында АҚШ орналасқан, одан кейін Ұлыбритания, Италия, Канада, Нидерланды, Германия, ал Азия аймағынан Қытай, Жапония, Индонезия және Оңтүстік Корея мемлекеттері бар.

Қазақстан өзінің экономикалық мәселелерін шешуде Америка Құрама Штаттарымен қарым - қатынасқа ерекше көңіл бөледі. Бұл бағыттағы алғашқы байсалды қадам американдық "Шеврон" компаниясы мен Теңіз мұнай көздерін игеру жөніндегі ірі шартқа қол қойылуы еді. Бұл келісім Америка капиталының Қазақстан экономикасына ірі көлемде тартылуының бастамасы болды. "Теңішевройл" жобасы бойынша 2010 ж. тәулігіне 700 мың барелден /100 млн тоннадай/ асатын мұнай өндіруге қол жеткізу көзделген. Бірлескен кәсіпорын жұмысына қатыса отырып, "Шеврон" сонымен бірге Қазақстанның аймақтық инфрақұрылымын жетілдіруге, мәселен, аурухана, мектеп, жол құрылыстарын салуға көмектесіп, әлеуметтік-экономикалық бағдарламаларға да қатысатын болады. Осы бағытта соңғы жылдары республикада бірнеше ондаған американ компаниялары мен банктерінің өкілдері және бірлескен кәсіпорындар құрылып, жұмыс істеуде.

1997 ж. қыркүйектің 12-ші жұлдызында Президент Н. Назарбаев АҚШ-тың Халықаралық қатынастар жөніндегі кеңесінің төрағасы Питер Питерсон мен осы ұйымның құрметті төрағасы, белгілі қаржыгер Дэвид Рокфеллер бастаған осы кеңестің делегациясын қабылдады. Н. Назарбаев АҚШ делегациясын біздің экономикамыздың ерекшеліктерімен, оны тұрақтандырудағы белгілі бір табыстарымен, Қазақстан рыногын одан әрі ырықтандыру және шетел ипвестицияларын тарту жөніндегі шаралармен таныстырды. Кездесу барысында Қазақстанның 2030 жылға дейінгі әлеуметтік-экономикалық дамуының стратегиялық жоспарының жекелеген қағидалары, Қазақстанның дүниежүзілік сауда ұйымына кіруінің келешегі, еліміздің Иран аумағы арқылы Парсы шығанағына шығып әлемдік рынокқа қосылу мүмкіндігі талқыланды. Бізде қолданылып отырған экономикалық заңдардың Еуропалық стандарттарға бейімделе түсу қажеттілігі АҚШ делегациясы тарапынан түсіністік тапты.

Қазіргі кезде АҚШ Қазақстанның ең маңызды экономикалық әріптестерінің бірі болып табылады. Біздің елімізде 350-ден астам Қазақстан-Американ бірлескен кәсіпорыны жұмыс істейді, сондай-ақ 100 - ден астам американ компанияларының өкілдіктері тіркелген. Олардың Қазақстан Республикасының экономикасына салған инвестициясының көлемі елімізге тартылған шетелдік инвестициялар көлемінің үштен бірін құрайды және Орталық Азия аймағындағы аса ірі көлем болып табылады.

Қазақстан экономикасына инвестицияларды көптеп тартуда 1997 жылғы қыркүйекте Ұлыбритания астанасы Лондонда өткен "Қазақстанның инвестициялық мүмкіндіктер" атты халықаралық конференцияның маңызы зор болды. Онда сол кездегі Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің бірінші орынбасары — Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитеттің төрағасы Ахметжан Есімов, Премьер-министрдің орынбасары, қаржы министрі Александр

Павлов, Қазақстан ұлттық банкісінің бастығы Ораз Жандосов т. б. баяндама жасады. Конференция жұмысына өз өкіметі атынан Ұлыбританияның сауда министрі Лорд Стэнли Клинтон-Дэвис қатынасып құттықтады. Ол өз сөзінде Қазақстанның нарықтық экономика жолындағы алғашқы қадамдарына жоғары баға бере келіп, біздің елімізде шетелдік инвесторлардың еркін жұмыс істеуіне қажетті құқықтық және іскерлік жағдай жасалғандығына ерекше назар аударды.

Инвестициялардың артуы қазіргі уақытта ең алдымен шетелдік инвестицияларды тікелей тартумен байланысты екенін ашып айту керек. Егер өтпелі кезеңнің алғашқы жылдары Үкімет кепілдемесі арқылы алынған шетелдік банкілердің несиелері басым болса, бүгінгі таңда тікелей инвестициялар көлемі өсіп келеді. 1996 ж. біздің елге тікелей инвестициялар көлемі 1,2 млрд. АҚШ долларын құрады. Халықаралық салыстыру /рейтинг/ агентстволарының бағалауы бойынша Қазақстан қазір Орталық Азия және Шығыс Еуропа елдерінің арасында тікелей инвестициялардың мемлекеттегі әр адам басына шаққандағы **көлемі жағынан Мадьярлар елінен кейінгі екінші орынға** көтерілген. Осымен байланысты 1997 ж. 28 ақпанында Қазақстан Республикасының "Тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы" Заңы қабылданды. Заң талаптарына сәйкес Қазақстан Республикасында инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитет құрылып, ол бұл бағыттағы алға қойылған жұмыстарды іске асыруға кірісті. Осының нәтижесінде Қазақстанға тартылған инвестициялық қаржы көлемі бүгінде 24 млрд. АҚШ долларына жетті.

Қазақстан экономикасының дамуында сыртқы сауданың маңызы ерекше зор. **Егемендік алған жылдардан бері Қазақстан дүние жүзінің 180-нен астам елімен сауда қатынасын орнатты.** Осының нәтижесінде Қазақстанның сыртқа шығаратын және сырттан бізге алып келетін тауарлардың /қаржы түріндегі/ көлемі жылдан-жылға өсіп келеді. Бір қуанарлық нәрсе, республиканың экспортқа шығаратын тауары импорттан асып отырғандығында болып отыр. Мысалы, 1995 ж. экспорт импорттан 1 млрд. 250 млн. доллар көлемінде асып түскен, немесе 64 пайызға өскен. Сол жылы оның алдындағы 1994 жылмен салыстырғанда агроөнеркәсіп кешені өнімінің экспортын 2,5 есе арттырды. Сөйтіп, ол импорттан алғаш рет 1,7 есе асып түсті. Ал 2001 ж. Қазақстанның сыртқы сауда көлемі 14 млрд. АҚШ долларынан асты.

Қазақстанның сауда айналымының шамамен 62 пайызы ТМД елдерінің үлесіне, 23-24% Еуропа елдерінің (35ел), 13 % Азия аймағы елдерінің үлесіне тиеді. Ескере кететін бір нәрсе-сауда көлемі Батыс Еуропа елдерінде арта түсіп, Шығыс Еуропа (бұрынғы социалистік мемлекеттер) елдерінде едәуір кеміп бара жатқаны байқалады. Батыс Еуропаның қалтасы қалын инвесторлары үшін Қазақстан кәсіпорындарының есігі барған сайын айқара ашылып келеді. Алдағы кезде Еуропа Сыртқы сауда бірлестігіне мүшелікке өтетін болады. Міне, сол кезде Еуропа Одағына кіретін елдермен екі арадағы сауданың бұдан да кең өріс алуына қолайлы жағдайлар туатыны сөзсіз.

Қазақстанның сыртқа шығаратын тауарларының басты түрі металл (34 %), мұнай, газ, көмір, минералдық тыңайтқыш (35 %), азық-түлік тағамдары (12 %) қалғандары химия тауарлары (9 %), транспорт құралдары, приборлар және аппараттар (5 %). Оның басым көпшілігін бұрынғы одақтас республикалар сатып алады.

Қазақстан басқа елдерден отын-энергетика ресурстарын (27 %), машиналар, құрал-жабдықтар, байланыс құралдары, приборлар және аппарат құралдары (26 %), химиялық тауарлар (10 %), азық-түлік (11%) алады. Сырттан алынатын тауарлардың 75 %. ТМД елдерінен келеді. Бізбен негізінен сауда істейтін елдер Ресей (57 %), Түрікменстан (7 %), Белоруссия, Германия, Қытай, Түркия (3 %), Украина, Моңғолия, Финляндия (әрқайсысы 2%-дан). Бұл көрсеткіштердің әрине, жыл сайын өзгеріп отыратынын айтқан жөн.

Тағы бір көңіл аударатын мәселе - **Қазақстанның жағрафиялық жағынан әлемнің негізгі экономикалық аудандары аралығында орналасқандығы.** Сондықтан мұның өзі де Азия-Тынық мұхит аралығындағы елдер мен сыртқы экономикалық байланыстар орнатуға тиімді болып, кең мүмкіндіктер ашып отыр. Бұған ерте кездегі Ұлы Жібек жолы жүрген жерлерде енді темір жол қатынасының дамуы үлкен әсерін тигізуде. Бұл жолдың ұзындығы болашақта 13,5 мың шақырымға жеткізілуі тиіс. Қазақстан жерінен өтетін темір жолдың ұзындығы - 1,8 мың шақырым, соның ішінде -Достық-Алашанькоу темір жолы 1991 ж. салынды, ал 1996 ж. май айында Иран мемлекетінің күшімен Теджен-Серахс-Мешхед (ұзындығы 290 шақырым) темір

жол торабы іске қосылды. Болашақта жол Ақтоғайдан – Алматы - Шенгелді, одан әрі Ташкент-Теджент-Серахс-Мешхед-Тегеран-Анкара-Стамбул арқылы өтеді. Бұл жолдың тек Қазақстан үшін ғана емес, сондай-ақ халықаралық маңызы өте зор. Атап айтқанда, бұл темір жол магистралі арқылы егер 1997 жылдың аяғы 1998 жылдың басында Қытайға Батыс Қазақстаннан 100 мың тонна мұнай әкелінген болса, 1999 жылы бұл көрсеткіш бес есеге жуық өсіп, 500 мың тоннаға жеткен. Тек Достық-Алашанькоу стансасы жыл сайын 5 млн. тоннадан астам жүк өткізеді. Ал болашақта оны 12 млн. тоннаға жеткізу көзделіп отыр. Сондай-ақ, екі ел арасындағы автомобиль жолы арқылы жүргізілетін жүк тасымалының үлесі де артып келеді.

Қорытып айтқанда, 1999 жылдан бері тәуелсіздік тұғырына қонған Қазақстан дүние жүзінің көптеген елдерімен терезесі тең деңгейде дипломатиялық және экономикалық қарым-қатынас орнатты. Осы уақыт ішінде елдің сыртқы саясаттағы күш-жігерінің арқасында орасан зор тарихи маңызы бар міндеттер орындалды, ол дүниежүзілік аренадан беделді өз орнын алды. Сондай-ақ, Қазақстан шекарасының өн бойында берік халықаралық - құқықтық негізге сүйенетін қауіпсіздік, тату көршілік және достық белдеуі жасалды.

**Оқытудың техникалық құралдар** слайдтар, презентациялар, электрондық оқулық  
**Лекцияның оқудың тәртібі, оқыту әдістері мен түрлері:** проблемалық оқыту технологиясы, дамыта оқыту технологиясы

**Әртүрлі күрделілік деңгейдегі тапсырмалар (сұрақтар) және оларды бағалаудағы ұпайлардың үлестірілуі**

**Күрделі деңгей:**

1. Индустриалдық-инновациялық дамудың мемлекеттік бағдарламасы, оны жүзеге асырудың алғашқы табыстарын талдаңыз

**Орта деңгей:**

1. Жоспарлы экономикадан нарықтық экономикаға көшу туралы сипаттап жазыңыз

**Жеңіл деңгей:**

1.Өтпелі кезеңнің қиыншылықтары: экономикалық дағдарыс, әлеуметтік шиеленіс, тұрмыс деңгейінің төмендеуі, жұмыссыздық, қылмыстың көбеюі туралы баяндаңыз

**БӨЖ және БОӨЖ тапсырмалары, олардың түрлері мен орындалуына қойылатын ұпайлардың үлестері**

Экономиканы дамытудағы «Нұрлы жол», «100 нақты қадам» бағдарламаларының жүзеге асырылуы.

Пандемиядан кейінгі кезеңдегі экономикалық даму.

2025 жылға дейінгі «ұлттық даму жоспары».

**Пайдаланылатын әдебиеттер тізімі:**

**Негізгі:**

1. Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы: оқулық / жалпы ред. басқ: Т. Омарбеков, Т. Омарбеков, Г. С. Султанғалиева, Б.С. Сайлан және т.б. - Алматы: Қазақ ун-ті, 2018. - 476 с.

2. Бегалиева А.К. Қазақстан тарихы. Оқу құралы. Алматы: Қазақ университеті. 2017. -380 б.

3. Қазақстанның қазіргі заманғы тарихы: Дәрістер курсы. Алматы, 2018. Б.Б.Кәрібаев. -324 б.

4. Аяған Б. Қазақстанның қазіргі заман тарихы (1991-2014): / Б. Аяған. - Алматы : Атамұра, 2014. - 336 б.

5. Қазақстан (Қазақ елі) тарихы: 4 кітаптан тұратын оқулық. 1-кітап. Қазақстан аумағы б.з.б. мыңжылдықтан бастап XIII ғ. басына дейін. – Алматы, Қазақ университеті, 2016

6. Қазақстан (Қазақ елі) тарихы: 4 кітаптан тұратын оқулық. 2-кітап. XIII-XVIII ғ.ғ.– Алматы, Қазақ университеті, 2016

7. Қазақстан (Қазақ елі) тарихы: 4 кітаптан тұратын оқулық / ҚР Білім және ғылым м-гі, әл-Фараби атын. ҚазҰУ құраст: Т.О.Омарбеков, Қ.С.Қаражан, М. Ж. Ташенев және т. б. - Алматы: Қазақ ун-ті, 2016. 3-кітап: Қазақстан отаршылдық және тоталитарлық жүйелер қыспағында. – 453 б.

8. Қазақстан (Қазақ елі) тарихы. – 4 кітаптан тұратын оқулық. Тәуелсіз Қазақстан: алғышарттары және қалыптасуы. 4 кітап/ Т.Омарбеков, Б.С.Сайлан, А.Ш.Алтаев және т.б.. – Алматы, Қазақ университеті, 2016



9. Долгополов А. История Казахстана. Учебное пособие. Москва: Литерра, 2016. -344 с.
10. Хабижанова Г. Древняя история Казахстана. – Алматы, Қазақ университеті, 2018. -158 с.
11. Жолдасбаев С. Древняя и средневековая история казахского народа. Учебное пособие. – Алматы, Қазақ университеті, 2018. -530 с.
12. Қуандық Е. XIV- XX ғасыр аралығындағы Қазақ елінің тарихы бойынша лекциялар курсы. Алматы: Дәуір. 2015. -600 б.
13. Ұлы Дала тарихы: учебное пособие /Кан Г.В., Тугжанов Е.Л. – Астана: Zhasyl Orda, 2015. – 328 стр.
14. Сандыбаева А. Қазақстанның қазіргі заман тарихы. Оқу құрал. Түркістан, Тұран, 2018. -128 б.

#### **Қосымша:**

- 1.Қазақстан Республикасының тарихы: хрестоматия. Құраст. Қ.С.Қаражан, Ф.А. Қозыбақова, С.Смағұлов. т.б. Алматы: Қазақ университеті. 2018. -413б.
2. Акимбеков С. Казахстан в Российской империи. – Алматы, ТОО Институт Азиатских исследований, 2018. -562 с.
- 3.Акимбеков С. Казахи между революцией и голодом. – Алматы, ТОО Институт Азиатских исследований, 2021. -584 с.
4. Қазақстан (Қазақ елі) тарихы. Практикум. Т.Омарбеков, Б.Кәрібаев, Қ. Қаражан.және т.б.. – Алматы, Қазақ университеті, 2016. -334 б.
5. Культурные процессы в Казахстане в 20-30 е годы XX века. –Алматы, Қазақ университеті, 2019. -188 с.
6. Алан Барнард. Антропология тарихы мен теориясы [оқулық] / А. Барнард; ауд. Ж. Жұмашова, 2018. - 240 б.
7. Шваб К. Төртінші индустриялық революция [монография] / К. Шваб; ауд.: Н. Б. Ақыш, Л. Ә. Бимендиева, К. І. Матыжанов, 2018. - 198 б.
8. История Казахстана. Документы и материалы (1917-2012). Сост. Алимгазинов К.Ш., ЖылгелдиновМ.Т.Астана, 2017
9. Абырой мен парыз (Еуропа елдеріндегі Екінші дүниежүзілік және Ұлы Отан соғысына қазақстандықтардың қатысуы): монография / Б. Ғ. Аяған ; ҚР білім және ғылым м-гі, Мем. тарихы ин-ты. - Алматы: Литера-М, 2015. – 591 б.
10. Мұхатова О. Қазақстан тарихының тарихнамасы: Оқу құралы.Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 246 б.
11. Сайлан, Б. С. Кеңестік Қазақстанның фашизмге қарсы күресі: жаңа көзқарастар мен ұстанымдар [Текст] : оқу құралы. - Алматы : Қазақ университеті, 2016. - 120 б.
12. Мекебаев, Т. Қ. Құмғанбаев Ж. Ж. 1917 жылғы Ресейдегі ақпан төңкерісі және оның Қазақстанға әсері: оқу құралы. - Алматы : Қазақ университеті, 2017. - 140 б
13. Макашева К.Н., Губайдуллина М.Ш. Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты. Алматы : Қазақ университеті, 2018. -446 б.
14. Жораева Г. Алаш қозғалысының тарихы. Оқу құралы. Түркістан, ХҚТУ, 2018. -130 б.

#### **WEB сайттар тізімі**

1. e-history.kz
2. tarikh.kz